

p. [in Turkish].

Kalafat Y. From the Balkans to Great Turkestan. Turkish Folk Beliefs III-IV. Ankara: 2006, - 556 p. [in Turkish].

Karimov G.M. Sharia and its social essence. Baku: Azernashr, 1987, - 222 p. [in Azerbaijani].

Kitabi-Dede Gorgud. Baku: Writer, 1988, - 265 p. [in Azerbaijani].

Pashayev G. Iraqi-Turkmen folklore. Baku: Writer, 1992, - 216 p. [in Azerbaijani].

Pashayeva M. Ethnic traditions in family ceremonies of Azerbaijanis. Baku: Azernashr, 2008, - 308 p. [in Azerbaijani].

Salimov-Shagani T.S. Absheron people. Baku: Science, 1993, - 311 p. [in Azerbaijani].

Seyidov M.M. Thinking about the genealogy of the Azerbaijani people. Baku: Writer, 1989, - 496 p. [in Azerbaijani].

Sukhareva O.A. Vestiges of demonology and shamanism among the lowland Tajiks // Pre-Muslim beliefs and rituals of Central Asia. Moscow: Nauka, 1975, pp. 5-93. [in Russian].

Tahlali N. Mountains, bend, let the lover be seen... Baku: Nurlan, 2003, - 298 p. [in Azerbaijani].

Vasileva G.P. Magical functions of children's jewelry among the Turkmen // Ancient rites, beliefs and cults of the peoples of Central Asia (historical and ethnographic essays). Moscow: Nauka, 1986, - pp. 182-195. [in Russian].

Vurgun S. Works. Volume III. Baku: Publishing House of the Academy of Sciences of the Azerbaijan SSR, 1961, - 584 p. [in Azerbaijani].

Сведения об авторах

Алиев Асад Танырверди оглы – PhD (история), доцент, ведущий научный сотрудник отдела «Историческая этнология» Института истории и этнологии НАНА имени А.А. Бакиханова, Баку, Азербайджан.

Авторлар туралы мәліметтер

Алиев Асад Танырверди оглы – PhD (тарих), доцент, ӘҰҒА-ның А.А. Бакиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Тарихи этнология» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, Баку, Әзербайжан

Information about the authors

Aliyev Asad Tanyrverdi oglu – PhD (history), Associate Professor, Leading Researcher of the Department of «Historical ethnology» of the Institute of history and Ethnology of ANAS named after A.A.Bakikhanov, Baku, Azerbaijan.

FTAXP 03.20

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Зауре К. Мукатаева^{1*}, Тоты А. Кариева², Карлыга Б. Мухаметкалиева³
Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті (Семей, Қазақстан)

E-mail: ^{1*}zauremukataeva4@gmail.com, ²karieva77@mail.ru, ³karlyga.m@mail.ru

^{1*}<https://orcid.org/0009-0008-9604-8477>

²<https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>

³<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

Аңдатпа. Мақалада Семей қаласындағы ғылыми және ағартушылық мекемелердің қызметі талданып, олардың өңірдің ғылыми, мәдени және білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Зерттеуде 1902 жылы құрылған Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің рөліне ерекше назар аударылады. Бұл ұйым Статистикалық комитеттің қызметін жалғастырып, өңірдегі ғылыми зерттеулердің жүйелі жүргізілуіне негіз қалады. Оның зерттеу аясы Семей облысымен шектелмей, Сібір мен Жетісудың іргелес аумақтарын да қамтыды. Мақалада қоғам жүргізген экспедициялар мен геологиялық зерттеулердің нәтижелері сараланып, олардың өңір экономикасына, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуына ықпалы талданады. Сонымен бірге, 1930-жылдары құрылған ғылыми-зерттеу станцияларының өсімдіктерді зерттеу, селекция және мал шаруашылығын дамытудағы қызметі, сондай-ақ өңірдегі алғашқы метеорологиялық станцияның ғылыми және тарихи маңызы зерделенеді.

Зерттеу барысында губерниялық өлкетану музейінің, Абай мемориалдық музейінің және губерниялық мұрағаттың ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыстары қарастырылады. Кітапхана ісінің өрістеуі, мерзімді баспасөздің таралуы және газет басылымдарының аймақтың білім беру мен мәдени өміріндегі маңызына ерекше мән беріледі.

Талдау нәтижесінде ғылыми және ағартушылық мекемелердің, әлеуметтік-саяси өзгерістерге қарамастан, тарихи мұраны сақтау, ғылыми білімді кеңінен тарату және өңірдің зияткерлік әлеуетін қалыптастыру ісіне қосқан елеулі үлесі анықталады. Ғылыми және ағарту ұйымдардың қызметі өңірдің әртүрлі аймақтары мен көршілес территориялар арасындағы мәдени және ғылыми байланыстардың нығаюына ықпал еткендігі айқындалады.

Түйін сөздер: Семей; ғылыми мекеме; ағарту ұйымдары; орыс жағырапиялық қоғамы; мерзімді баспасөз; архив, кітапхана; тарихи зерттеулер.

Кіріспе

Қалалар тарихын зерттеу және оған баға беру сұранысы қазақ тарихының құрамдас бөлігі екендігі анық. Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметін зерделеу арқылы, бұл өңірдің білім беру мен мәдениет саласындағы рөлін зерттеу өлке тарихын зерделеуде өзекті болмақ. Семейдің XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың орталықтарының бірі болғанын көреміз. Мұнда түрлі ғылыми зерттеу институттары, мектептер мен жоғары оқу орындары ашылып, қазақ зиялылары мен ғалымдарының ұрпақ тәрбиесі мен халық ағарту ісіндегі маңызды рөлін көрсеткен. Семейде түрлі мәдени-ғылыми қоғамдар мен баспалар құрылып, ұлттық сананың оянуына ықпал еткен. Бұл мекемелер мен қоғамдар сол кезеңдегі білім мен ғылымның дамуына ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосқан.

Қалалар тарихын зерттеу ерекшелігі – бұл қала мәдениетінің, оның әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуының тарихи контекстін терең түсінуге бағытталған ғылыми сала. Қалалар тарихы тек белгілі бір географиялық кеңістіктегі халықтың өмір сүру ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар олардың уақыт өте келе қалыптасқан қоғамдастықтары, басқару жүйелері, мәдениеттері мен экономикалық құрылымдарын да қамтиды.

Қалалар әрқашан адамзат өркениетінің маңызды орталығы болып келген. Олар мәдениет пен білімнің таралуына, ғылым мен ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметінің белгілі бір уақыттың даму кезеңіндегі негізгі факторлар болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметін зерттеу арқылы біз өткендегі қалалық қоғамның дамуын және оның қазіргі қоғамға қалай әсер еткенін тереңірек түсіне аламыз.

Төңкеріске дейінгі кезеңде Семей Қазақстанның саяси жер аудару орталықтарының бірі болды. Саяси жер аударылғандардың тікелей қатысуымен құрылған музей мен қоғамдық кітапхана Семей қаласы мен бүкіл облыстың алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерінің басын қосатын орталық болды. Саяси жер аударушылардың мәдени-ағарту саласындағы жемісті еңбектері Семей қаласын Қазақстанның мәдени орталықтарының біріне айналдырды және

қала мен уез халқының қоғамдық өмірінің оянуына демеуші болды. Мәселен саяси жер аударылғандар Е.П. Михаэлис, А.Леонов, Н.Долгополов және т.б. қазақ әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаевтың қоғамдық - саяси көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етті.

Зерттеу барысында өлкенің мәдени дамуындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметтеріне тарихи талдау жасалады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметін заманауи ғылыми көзқарастар тұрғысынан зерттеу болып табылады. Осыған сәйкес зерттеу жұмысы қаладағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметінің жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау мақсатында келесідей міндеттер қойылды:

- өңірдегі ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмысын талдау;
- қаладағы ағарту мекемелері және оның қоғамдық қызметтеріне архивтік деректер негізінде сараптама жасау;
- қала дамуындағы экономикалық қиындықтардың ғылыми және ағарту жұмысын ұйымдастыруға әсерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Тарихи таным таразысына салғанда құжаттарға деректанулық талдау әдісі жасалды. Мақаланы жазу барысында Семей қаласындағы екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ғылыми мекеме, ағарту ұйымдары: архив, кітапхана тағы басқа ұйым қызметтері талданды. Батыс-Сібір Орыс жағрапия қоғамының бөлімшесі Семей бөлімшесінің қызметіне талдау жасалды. Архив деректеріне, ғылыми еңбектермен мақалаларға тарихи сараптама жасалды. Мәдени ағарту саласындағы ұйымдардың құжаттары сарапталып, оқу-ағарту органдарының қызметі жөніндегі материалдар зерделенді. Бұл зерттеуде Семей қаласының қазақ елінің рухани астанасы деп айтуға толық айғақтармен мәліметтер келтірілген.

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихи танымның жалпы ғылыми әдістерін тарихилық, салыстырмалы, объективтілік, жүйелілік принциптері құрады. Салыстырмалы тарихи әдіс қарастырылып отырған хронологиялық кезең (1917-1940 жж.) ішінде салыстырмалы талдау әдісі арқылы қаланың даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында мақсатқа жетуге және нәтижелерді ұсынуға жан-жақты және объективті көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл қолданылды.

Талдау

Ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметінің тарихын зерттеудің тарихнамалық негізін кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі ғалымдардың еңбектерінде зерделенген. Зерттеу жұмысының негізгі дерек көзін Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (ары қарай ҚР ОМА), Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (ары қарай ҚР ПА) және Абай облысының мемлекеттік архивінде (ары қарай АОМА) сақталған құжаттар құрайды.

Зерттеу жұмысының тақырыбы жалпы мәдени төңкерістің процестерін ғылыми және білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының жекелеген аспектілері төңірегінде арнайы еңбектерде де қарастырылған. Семей қаласының тарихына қатысты өлкетану материалдары негізінде «Семипалатинску – 250 лет» мерейтойлық кітабы және басқа да басылымдар баспадан шығарылды (Семипалатинску-250 лет, 1968).

Қазақстан қалаларын зерттеудегі ғылыми бағытта қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының негізінде жасалған ғылыми-зерттеу жобасын атауға болады. А.С.Елагиннің басшылығымен институт қызметкерлері мен өлкетанушылардың жүйелі түрде жүргізген жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның іргелі қалаларының тарихы бойынша «Города Казахстана в период строительства социализма» еңбегі жарық көрді. (Елагин, 1980). А.С.Елагиннің, Ж. Касымбаев, Э.И. Герасимованың жетекшіліктерімен басылып шыққан «Семипалатинск» кітабында Семей қаласының революцияға дейінгі өлкенің экономикалық

және мәдени дамуындағы, XX ғасырдағы жаңа ой мен сананың демократияның дамуындағы ықпалы қарастырылған (Семипалатинск, 1984). Азаматтық қарсы тұру жылдарының оқиғалары, азамат соғысы, кеңес үкіметінің экономикалық реформалары мен өнеркәсіптегі жасапмаз жетістіктері жайлы, қала шаруашылығы, қала халқының мәдени дәрежесі кітапқа негізгі арқау болған.

Семей қаласының әлеуметтік және мәдени үрдістің жан-жақты қамтылатындықтан зерттелу деңгейі де өте ауқымды. Семей ежелден саяси жер аударылғандар мекені болып, мұнда өлке бойынша озық ой мен саяси мүдделер негізінде әртүрлі көзқарастағы адамдардың шоғырлануымен мәлім. 1917 жылғы қос төңкеріс пен азамат соғысы мәселелерін зерттеуде Семейге тоқталмай кету мүмкін емес. С.Кенжебаев (Кенжебаев, 1980), Т.Елеуов (Елеуов, 1967), С.Ковальский (Ковальский, 1957), В.Григорьев (Григорьев, 1989), И.Агалаков (Агалаков, 1972), Б.Шумяцкий (Шумяцкий, 1989) өз еңбектерінде Қазақстандағы саяси ахуалдың қаладағы көрінісі, ондағы саяси партиялар мен топтардың қызметін, Семейдің өлкедегі саяси орталықтарының бірі ретіндегі ролін түсінуге мүмкіндік береді.

Семей қаласының мәдени дамуы жағынан зерттелу деңгейіне келсек, республика бойынша жүргізілген зерттеу жұмысы тарихына Семей-Қазақстанның құрамды бөлігі болғандықтан, ажырамас бірлікте қарастырылды. 1920-жылдары қазақ халықтық мәдениеті, тұрмысы, оны социалистік жолмен қайта құру мәселелері А.Затаевичтің «1000 песен. Киргизского народа» еңбегінде зерттеле бастады (Затаевич, 1924). Семейдегі ғылыми мекемелердің қызметі жайлы Б.Герасимовтің «Двадцатипятилетие Семипалатинского русского Географического общества» (Герасимов, 1927) және А. Адриановтың (Адрианов, 1929) «Краткий исторический очерк Семипалатинского музея» еңбектерінде Орыс Жағрапиялық қоғамының Семей бөлімшесі мен музей туралы бай мағлұматтар берілді.

Халық оқу ағарту ісінің кеңестік кезеңнің мектептерінің құрылуы мен дамытудың заңдылықтары мен қиындықтары, кемшіліктерін түсіну үшін сол дәуірдің тілімен жазылған еңбектерге тоқталуды жөн көрдік. К.Бержанов оқу-ағартудың дамуына арналған «Русско-казахское содружество в развитии, просвещении в Казахстане: (историко-педагогические исследование)» монографиясында 1917-1940 жылдар арасындағы кеңес мектептерінің қалыптасу күрделілігін әңгімелейді (Бержанов, 1965). К.Бержановтың басқа зерттеушілерден айырмашылығы Қазақстан мектептерінің өзіне тән қиыншылықтарын жан-жақты және объективті түрде талдап, олардың негізгі себептерін ашуға талпыныс жасады.

Кеңес тарихнамасының үлесіндегі ғылыми зерттеу еңбектерінің құндылығы - қазақ тарихының шындық келбетін қалпына келтіру де олардың тарихи - салыстырмалық, деректік маңызы ешқашан жойылмайды. Сондай-ақ бұл кезеңде Қазақстан тарихы ғылымының кәсіби мектебі мен кәсіби маман-тарихшыларының негізгі буыны қалыптасқанын әсте естен шығармауымыз керек. Егер, бүгінгі таңда, өркениет құндылықтарына негізделген ұлттық тарихты қалыптастыру жолында көптеген игілікті істер атқарылды деп есептесек, онда осы жолдағы тарихшылардың еңбегін кеңестік тарих мектебінің жемісі деп білеміз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі зерттеу жұмысын өз жалғасын тапты. Қ.Болатованың “XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі мен білім беру мекемелерінің қызметі” (Болатова, 2010) зерттеу еңбегінде аймақтағы оқу-ағарту мекемелерінің халық ағарту саласындағы орны және оқу – ағарту саласының дамуына саяси жер аударылғандардың қызметіне талдау жасалынады.

Мақаланы зерттеудегі негізгі дереккөздердің бірі, М.И. Перебеева, Л.Қ. Қадырова, А.Е. Шалыгин тағы басқалардың «Шығыс Қазақстандағы мәдениет ісінің дамуы (XIX-XX ғ. 40 жылдары)» архивтік құжаттар жинағы болып табылады (Шығыс Қазақстандағы мәдениет ісінің дамуы, 2022).

К.Мухаметкалиеваның «1920 жылдардағы Семей өңіріндегі сауатсыздыққа қарсы күрес: мәселелері мен нәтижесі» (Мухаметкалиева және т.б., 2024) зерттеуі Семей өңіріндегі сауатсыздықты жою ісінің төмен нәтижесін анықтауға бағытталған. Семей өңіріндегі оқу орындарына қатысты мемлекеттік саясаттың эволюциясы процестеріне авторлық көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік берді. Өңірдегі оқу-ағарту ісінің ауыл және қала тұрғындарының

толық қамтылғандығы және оған статистикалық зерттеу жасағандығына көз жеткіземіз.

Зерттеу нәтижесі

Орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімшесінің ашылуы Семей облыстық статистика комитетінің басшыларының қызметімен тығыз байланысты болды. Бөлімше осы комитет ісінің жалғасы мен кеңеюі болып табылды. Семей бөлімшесі ресми түрде 1902 жылы 31-наурызда (13-сәуір) ашылды (Семипалатинск, 1984:184). Бөлімше мүшелері өлкенің тарихын, қазба байлығын, археологиясын, зоологиясын, қала мен облыстың шаруашылығы мен өнеркәсібін зерттеп, дәрістер оқып, ағартушылық сипаттағы кештер мен көрмелер ұйымдастырып өткізді.

22 жыл Батыс-Сібір Орыс жағрапия қоғамының бөлімшесі болып келген қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі мен 1924 жылдың 8-мамырында Орыс жағрапия қоғамының дербес бөлімі болып бөлініп шықты. Дербес бөлім болуына байланысты Ғылым басқармасы бөлім қызметі жөнінде Уставын бекітті (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.722. П.5). Семей жағрапиялық қоғамы ғылыми зерттеу жұмыстары, дәріскерлік, баспа, ғылыми кітапхана ұйымдастыру, мұражай, метеорология станциясы сияқты бағыттарда жүйелі жұмыс істеді.

1924 жылы өлкенің табиғаты мен экономикасын тереңдеп зерттеу үшін жағрапия бөлімінде; 1) физико-жағрапиялық; 2) жаратылыс-тарих; 3) тарихи археология; 4) этнографиялық; 5) статистикалық-экономикалық; 6) мұражай; 7) кітапханалық-библиографиялық; 8) көркемөнер секциялары ашылды.

Бөлімнің ғылыми зерттеу қызметі Семей губерниясы мен оған шекараласып жатқан Жетісу мен Сібірдің кең байтақ жерлерін де қамтыды. Бөлім жағрапия, гидрожағрапия, геология, климатология, жер магнетизмі мәселелері және минерал көздері, ауыл шаруашылығының зиянкестері, дәрілік шөптер, пайдалы қазбалар, бал арасы шаруашылығы, этнография, халық ауыз әдебиеті, археология, тарих, тұрмыс мәселелеріне де көңіл бөлінді.

Семей жағрапия бөлімі РКФСР мен Қазақстанның Халықтық жер комиссариаты; КСРО Бүкіл Одақтық халық шаруашылығының геологиялық комитеті мен бірлескен экспедициясының материалдары мен пайдалы қазба қойнаулары негізінде өнеркәсіптің дамуының негізгі бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Олар губерния территориясында бұдан былайғы флора мен фаунаның зерттелуіне негіз салды.

30-жылдары Қазақстандық геолог ғалымдары В.П. Нехорошев, В.К. Котульский, И.Ф. Григорьев Семей облысының геологиялық жағынан зерттеуде көптеген жұмыстар жүргізді. 1939 жылы Семей облысында геологиялық зерттеу жұмыстары аяқталды. Бұл зерттеулердің халық шаруашылығы үшін маңызы зор болды.

1925 жылы жағрапиялық бөлімнің құрамында 143 адам болды. Олардың 4 құрметті, 89 нақты мүшелері болды. Көрнекті мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлері - Ш.Айманов, Ж.Шанин, М.Тұрғымбаев, Ә.Ермеков, Ә.Сәтбаев, республикаға танымал ағайынды Николай және Виктор Белослюдовтар, Б.Герасимов, суретші Н.К.Крутильников, Қазақстанның тұңғыш әйел-журналистерінің бірі Н. Құлжанова және т.б. Семей жағрапия қоғамының мүшелері болды (Екпінді, 1953:5). Көрнекті математик, КСРО АПН профессоры А.И.Маркушевич бөлімнің ғылыми қызметкері және мүшесі болды.

Семей жағрапия қоғамының құрметті мүшелерінің қатарында Ғылым Академиясының төрағасы А.П.Карпинский, Ғылым Академиясының хатшысы О.Ф. Ольденбург, Халық ағарту комиссары А.В.Луначарский, Орыс жағрапиялық қоғамының төрағасы Ю.М. Шокольский болды.

Семей жағрапия қоғамы өзінің ғылыми еңбектерін «Жазбалар» атты жинақпен баспадан шығарып отырды. 1921-1927 жылдары Жазбалардың ХІІІ- ХVІ томдары шығарылды. Бірақ әрбір Жазбалардың басып шығару бөлім үшін қаражат жағынан мұқтаждық көріп, тіпті 1919-1922 жылдары елдегі аласапыран кезеңінде қаражат қиындығынан өз еңбектерін баспадан шығару мүмкіндігінен де уақытша айырылып қалады. Жағрапиялық қоғам қиыншылықтан шығу жолын іздестіріп, баспа ісін кенжелеп қалмас үшін

1/2 парақтан тұратын төрт беттік екі айда бір рет «Бюллетень» шығарып отырды. Бюллетеннің мақсаты Семей бөлімінің өмірі туралы ақпарат беріп, өлке туралы шағын шолулар шығарып тұру еді. 1-номері 1924 жылы шілде айында 250 данамен жарық көрінеді (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.321. П.126).

Бөлім өмірінің жарқын оқиғаларының бірі - ол І-Семей губерниялық өлкетанушылар конференциясы еді. Ол 1924 жылы 24-31-тамыз аралығындағы өлкетану ісінің аумағын айқындау, өлкетану бойынша істелген шаралардың қорытындысын шығару, өлкетану ісін жергілікті жерде одан әрі жандандыра түсу, тек губерния орталығында ғана емес, уездерде де жүргізу, мүлгіп жатқан алып күштің қайнар көзін ашып, өз аудандарын жігерлі түрде зерттеуге құлшындыру, губерниядағы негізгі жағрапия бағыттарымен таныстыру еді.

Бөлім өмірінде қиын-қыстау кездері де болды. Бірақ қиыншылықтарға мойынсынбай бөлім өлкені зерттеудегі ғылыми жұмыстарын жалғастырып, мұражай коллекциясын жинақтау мен ғылыми әдебиеттерді шоғырландырумен айналысты. Бөлім - өлкетану энциклопедиясы деген атағына лайық еді. Бұл бөлім 1929 жылы 5 мамырда Қазақстанды зерттеу қоғамының бөлімі болып қайта құрылды (ҚР ПА. Қ.141.Т.1. Іс.1536. П.18). Бөлім ғылыми зерттеу жүйесі бойынша жұмыстарын кең көлемде жүргізіп, 1924-1929 жылдары баспадан 17 томдық еңбектерін жарыққа шығарды. 1931 жылы бөлімнің Қазақстанның 10 жылдық мерекесіне арналған ғылыми еңбектерінің 2 томы шығарылды. Бөлім жағрапия, тарих, ауыл шаруашылық, ауыз әдебиетін жинау комиссиясы және т.б. секцияларға бөлініп, екі аудандық ұйымдастыру бюросы мен 7 қалалық басқарушы ұйымдары торабынан тұрды. Жалпы алғанда орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімшесі, 1924 жылдан бастап Семей бөлімі, 1929 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының Семей облыстық бөлімі облыстың ғылымын, мәдениетін, экономикасын дамытуға баға жетпес үлес қосты.

Елді индустрияландыру материалдық шикізат базасын кеңінен зерттеуді талап етті. Осы мақсатта тұрақты ғылыми-зерттеу орындары құрылды. 1930 жылы ғылыми-зерттеу мекемелері республика бойынша 199 болса (оның 5 ғылыми-зерттеу институты 24 тәжірибе станциясы, 170 лабораториялар) 1932 жылы олардың саны 213-ке жетті (Бержанов, 1965:). Семей округі бойынша ғылыми-зерттеу орындарынан жер, мал шаруашылығы бөлімдерінен құралған ауылшаруашылық станциясы, сонымен қатар сүт тәжірибе лабораториясы мен бақша зиянкестерін зерттеу мекемелері жұмыс істеді. Өкімет тарапынан да зерттеу бойынша арнайы комитет табиғи, климаттық, губернияның геологиялық байлығын зерттеуде өсімдік және жануар әлемін танып, білуде көптеген жұмыстар атқарылды. 1926 жылы профессор Ф.Г. Доброженский басқарған экспедиция жергілікті малдарды зерттеп, Павлодар уезінен басқа Семей губерниясының барлық уездерінде болып, 2900 шақырым жер жүріп 1778 малды тексеріп, 138 түрлі жүн мен сүттің анализдерін алды (Семей Правдасы, 1957: 4).

1933 жылы Семейде өсімдіктерді зерттеу станциясы құрылды. Бұл станция өсімдіктердің өсуі және олардың көптеген жаңа түрлерін зерттеп, жабайы өсімдіктерді қолдан өсіру, пайдалы өсімдіктер енгізу сияқты жұмыстар жүргізді. 1911 жылы негізгі қаланған Шығыс Қазақстан облыстық тәжірибе станциясы 30-жылдары жан-жақты дамытылып, малдың барлық түрлерін асылдандыру, мал басын өсіру мен тұрақты мал азығы базасын жасау істерімен шұғылданды. Егін шаруашылығын тиімді және өнімді дамытуда 1937 жыл құрылған Селекция станциясының маңызы зор болды.

Қазақстандағы ғылыми мекемелердің қатарына Орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімі қарасты губерниялық өлкетану музейі де жатады. Мұражайдың құрылуы ХІХ ғасырдағы статистика комитетімен тығыз байланысты. Мұражай 1883 жылы аталған мекеме жанынан Семей губернаторы А.П.Проценко қолдауымен ашылған. Орыс жағрапия қоғамы құрылғанға дейін мұражай ісімен саяси жер аударылғандар айналысты. 1919 жылы Кеңес өкіметі орнасымен-ақ декреттерінің негізінде халық ағарту бөлімінің қарамағына өтіп, мұражай атауы губерниялық ғылыми мұражай деп өзгертіліп, музей ісінің меңгерушісі болып Д.Ф.Портнягин тағайындалды. Болшевиктік үкіметтің тарапынан жүргізілген қысым көрсету яғни жағрапия қоғамының негізгі қызметі мен бағытын айқындайтын музей мен кітапхананың қайтару жөніндегі шағымдары қанағаттандырылып, 1921 жылы аталған қос мекеме бөлімше

қарамағына қайтарылды. 20-жылдардағы елдегі, губерниядағы қиын қыстау музей ісіне де салқындығы тимей қоймады. Азамат соғысы және онан кейінгі кезеңде де 1923 жылға дейін мемлекет тарапынан да және жеке азаматтардан ешқандай қаржы көзі түспеседе жағрапия қоғамының мүшелерінің қажымас еңбегі мен тегін жұмыс атқару арқасында мұражай ісі күйреуден аман қалды.

Музей бастапқыда қаланың шетіндегі ескі ғимараттан 1920 жылы қаланың орталығынан бөлімше беріліп, көшіру кезінде өлкені сипаттайтын және өлкеге қатысты емес, бірақ ғылыми маңызы бар минералогиялық коллекция араласып кету, экспорттардың нумерологиялық карточкаларының жоғалуы сияқты жәйттер мен қоса музей орналасқан бөлмелердің жиналыс залына есігі қарап тұруынан әртүрлі конференция, жиналыстар өткен күндері мұражай қызмет көрсету мүмкіндіктерінен айырылды. 1924 жылы ақша реформасының енгізілуі музейге деген мемлекеттік қаржыландыру дұрыс жолға қойылады. Мәселен 1924-1925 жылдары 2213 сом 44 болса, 1927-1928 жылы 6241 сом 40 тиын бөлінді (Герасимов, 1927). Орталық Ресейден ашаршылық кезінде алынған балалар Семейде өте көп мөлшерде шоғырлануынан панасыз еріккен балалар үлкен топтармен мұражайға келіп, жүгіріп, жәдігерлерді бүлдіріп, музей ісіне көптеген нұсқан келтірген болатын. Кіру ақысы бастапқыда 10 тиын, кейінен 5 тиын болды. Азда болса ақы енгізу жүгенсіздерге тосқауыл болған еді. Топтық экскурсиялар тегін болды. Келушілерге музей қызметкері түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және арасында дәрістер оқыды. 1927 жылы 1-ақпанынан бастап, жағрапиялық қоғам иелігінен бөлініп, дербес ұйым болып дараланды және «Семей музейінің еңбектері» атты өз баспа органы болды (АОМА. Қ.615. Т.1. Іс.350. П.3).

Музей қызметкерлері кеңседе ғана емес далалық өлке тану жұмыстаран жүргізді. 1927 жылыдың жаз айларында Ертістің сол жағалауына экскурсия ұйымдастырылды. Музей меңгерушісі А.А.Андрианов бұрынғы Өскемен уезіндегі Себинка мен Тарғын өздерінің ауданына археологиялық материалдар жинау мақсатында жоспарға аттанды. Ғылыми жұмыстармен қатар ағарту мақсатында 1926-1927 оқу жылында бірінші және екінші басқышты мектеп мұғалімдеріне өлкетану семинариясын ұйымдастырды. 1929-30 оқу жылында өнеркәсіп экономикалық техникумында, Қазпедтехникумында, Потанин атындағы екінші басқышты мектепте 7 жылдық мектепте, орыс педтехникумында өлкетану үйірмелері құрылды. Орыс және Қазақ педтехникумдарының оқу бағдарламасына өлкетану пәні енгізілді. Осындай шаралардың енгізілуі мен жүргізілуіне мұражай ұжымы мұрындық болды. Оқушы жастар арасында құралған «Музей достары» үйірмесінің де мұражай ісіне көп көмегі болды. Музей өлкетануды насихаттауда ғылыми еңбектерінің нәтижелерін баяндаған 1928 жылға дейін өзінің екі ғылыми еңбегін шығарды. Елдегі экономикалық ахуалдың реттелуі мен жақсару нәтижесінде ғылыми ағарту мекемелеріне деген қамқорлық күшейтілді. Егер Семей өлкетану музейіне 1934 жылы 33677 сом 50 тиын бөлінсе, 1940 жылы 1934 жылға қарағанда екі есе артып 73,2 мың сомға жетті. Мұражайдың ғылым мен ағарту саласындағы көпқырлы еңбегінің арқасында мұражайды көріп қызықтаушы саны да көбейген. 1916 жылы облыстық өлкетану музейін көрушілер 1762 адам ғана болса, 1940 жылы оның саны 53553-ке көбейді (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.1492. П.20). Музей ұжымы қалалықтарға арнап көрмелер ұйымдастыру ісінде жақсы жолға қоя білді.

Екатеринбург обсерваториясының қарамағында болған 2-разрядтағы бірінші класты Семейдегі дербес метеорологиялық станция 1921 жылдан бастап жағрапия бөлімінің қол астына өтті. Бөлім құлдырай бастаған метеостанциясының жұмысын қалпына келтіруде біршама игілікті істер атқарды. Губерниядағы метеорологиялық жұмыстарды бір жерге шоғырландыру мақсатында 1923 жылдың 1-қазанынан бастап метстанция Семей губерниялық жер бөлімінің қарамағына берілді (Герасимов, 1927:19). Бұндай қадам метеостанция жұмысының жандануына себепкер болды. Семей өңірінің ауа-райы мен картографиясын зерттеуде Семей астрономиялық обсерваториясының рөлі зор болды. Ауыл шаруашылық жұмыстары үшін де станцияның маңызы зор болды.

20-жылдардан бастау алған ғылыми мекемелер ішінде архив ісі маңызды орын алды. 1920 жылы 29-наурызында Семей губревкомында губерния тарихына қатысты құнды құжаттарды

сақтау және ретке келтіру, губерниялық архив қорын құру туралы шешім қабылданды (АОМА. Қ.645. Т.1. Іс.26. П.1).

Губерниялық музей қорының меңгерушісі болып Н.Я.Коншин тағайындалды. Коншин губерниялық архив материалдарын өңдеу жұмыстарына Ертіс өңірінің тарихын, оның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсы білетін танымал өлкетанушылар Н.А. Бахирев пен Б.Г. Герасимовты тартқан еді.

Барлық күш төңкеріске дейінгі қорлар мен кеңестік архив қорларын орталықтандыруға жұмылдырылды. Ақ гвардияшылардан азат етілген уездік қалалар - Зайсан, Көкпекті және Өскеменге іс сапарлар ұйымдастырылды. Семей губерниялық мұрағатына 37 қор қосылады. 1924 жылы Семей губархивын ұйымдастыру кезеңі аяқталып, архив ісінің орталығы және жергілікті органдар торабы құрылған болатын. Осы кезеңде-ақ архивте революцияға дейінгі 146 қор және кеңестік кезеңге арналған 109 қор, барлық жиыны 255 қор шоғырланды. Шамалы уақыт ішінде өлкенің экономикасы, мәдениеті мен саясат жөнінде өлкенің земство, полиция, қоғамдық, кооперативтік мекемелерінде шоғырланған ондаған мың құнды тарихи құжаттар жинақталды. 1928 жылы аудандандыруға байланысты Семей округі құрылып, ондағы барлық уездік мұрағаттар (Өскемен, Бұхтырма, Зайсан) округтік архив бюросына сақталуға берілді. РКФСР Орталық мұрағатының өкілі губерниядағы мұрағат ісін тексере келгенде былай деп жазды: «Бұл мұрағат орасан зор тарихи қазына- Семейдің құрылғанынан бастап, 1920 жылдарға дейінгі кезең толық және жан-жақты тарихи мәліметтерге өте бай. Сібір қаласы үшін сирек кездесетін құбылыс. Өз архивін сондай ұқыптылық пен толық сақтай білген»- деп таңданысын жасыра алмаған (АОМА Қ.645. Т.1. Іс.26. П.1).

Қала мен губерния көлеміндегі музей соң екінші мәдени ағарту орны Н.В.Гоголь атындағы кітапхана еді. Революцияға дейінгі Қазақстанның ең ірі және аса бай кітапханаларының алғашқыларының қатарына Орыс жағрапия қоғамының кітапханасы жатады. Бұл 1902 жылы ақпан айында В.Н.Гогольдің қайтыс болуына 50 жыл болу құрметіне Гоголь атындағы оқу залы болып аталынады. Кітапхана ұзақ жылдар бойы арнаулы ғимарат тапшылығын басынан кешірді. Қала өмірінде жарқын оқиғалардың бірі 1922 жылдың 17-қыркүйегінде арнайы ғимараты бар Н.В.Гоголь атындағы қалалық орталық кітапхананың ашылу салтанаты болды. Оның кітап қоры 1923 жылы 25000 болса, 1927 жылы 48000 кітап болған. Бұл кітапхана үлкен бұқаралық саяси жұмыс жүргізді және губернияның басқа кітапханалары үшін әдістемелік орталық болып табылды. Жылдан жылға оқырмандарының сан да үздіксіз өсіп отырды. Егер 1920 жылы 4220 кітап берілсе, 1926 жылы оқырмандарға берілген кітап саны 44556 жеткен. Н.В.Гоголь атындағы кітапханада тақырыптық кештер өткізіліп, әртүрлі тақырыпта дәрістер оқылды. Маңызды кітап көрмелері ұйымдастырылып, қабырғалық көрмелер көркемделді, химия, табиғат, жазушылар, пионерлер және т.б. бұрыштар болды. Әдебиет, өлкетану мен авиа-спорттық үйірмелері үнемі жұмыс істеп тұрды (АОМА Қ.415, Т.1, Іс.419. П.113; Қ.73. Т.1. Іс.409. П.148).

Кітапхана қызметкерлері шала сауаттылармен жұмысты белсенді түрде жүргізді. Бүкіл одақтық «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының Семей бөлімімен бірлесе отырып 1923 жылы ауылды жерлерге 30 жылжымалы кітапхана жіберілді (ҚР ОМА. Қ.44. Т.10. Іс.161. ПП.5-6).

1922 жылы губерния бойынша 86 кітапхана, 152 оқу үйі болды. Соның ішінде Семей уезінде 61-кітапхана, 28 оқу үйі болса, Семей қаласында 16 кітапхана, 4 оқу үйі орналасты. Жұмыс барысы кезеңінде кітапханалардың сандық жағынан сапалық жағына көшірілу және ЖЭС саясатқа байланысты жергілікті қаржыландыруға көшу, штат қысқартуларына әкелді (АОМА. Қ.415. Т.1. Іс.419. П.113; Қ.73. Т.1. Іс.409. П.148). Осындай жүйелендіруден соң Семей қаласында 1926 жылы 5 аудандық және 1 ғылыми кітапхана ғана қалдырылды (ҚР ОМА. Қ.44. Т.10. Іс.161. ПП.5-6). Музейде бұрынғы жағрапиялық бөлімнің кітапханасы орналасты, ол ғылыми кітапхана деп аталды. 20-30 жылдардағы көлемді түрде жүргізілген білім беру, ағарту шараларының нәтижесінде Семейдің білім беру орталығына айналуы қаладағы жаңа кітапханаларға деген сұранысты күшейтті. 1940 жылы Семейде 42 кітапхан жұмыс істеді. Ол 5 бұқаралық, 6 кәсіподақ, 11 мектептік, 15-арнайы орта оқу орындарында, 4 ғылыми және Гоголь атындағы облыстық кітапханадан құралды (АОМА. Қ.47. Т.1. Іс.2а.

ПП.5-9).

Кітапханалар мұражай қызметі іспеттес барлық мәдени-ағарту және үгіт-насихат жұмыстарына белсенді ат салысты. Кітапханаларда оқырман конференциялары, әдеби кештер, кітап көрмелері сияқты шаралар үнемі жүргізіліп отырды. Кітапханадағы ғылыми басылымдармен қамтамасыз ету көзі - ол еліміздің көптеген ғылыми мекемелерінен оқу орындарымен кітап алмасу ісін жақсы жолға қоя білді.

1940 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының қарамағынан қазақтың көрнекті ағартушысы мен ақыны Абайдың туғанына 95-жылдығына арналған мемориалды музей ашылды. Бұл Абайдың өмірі мен творчествосын, қазақ әдебиетін және қазақ тілін зерттеуге арналған ғылыми музей болды. Үгіт насихат пен ағарту жұмысының бір түрі - газет болды. Семейдегі баспаханың орналасуы жергілікті мерзімдік баспа ісінің дамуына да игі әсері болды. Дегенменде Ақпан төңкерісінің нәтижесінде дүниеге келген Сарыарқа, Халық сөзі (татар тілінде) газеттері және Абай журналы большевиктік үкіметтің идеологиясына сәйкес келмегендіктен еркін ұлттық баспаның жұмысы тоқтатылып, жабылып қалды. Губерниядағы тұңғыш большевиктік ұлттық газет 1919 жылы 4-желтоқсанда ашылған «Қазақ тілі» газеті еді. Газеттің алғашқы редакторы Шаймерден Тоқжігітов, журналист Ілияс Молдақанов, болашақ жазушы Мұхтар Әуезов, Нәзипа Құлжанова, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың әкесі ақын Ахмет Мәметов және т.б. қазақ зиялылары газет ісіне көп еңбек сіңірді. 1919 жылы 21-желтоқсанда «Знамя борьбы и труда» газетінің орнына большевиктік «Степная правда» газетінің бірінші номері шықты (ҚР ОМА. Қ.138. Т.1. Іс.2931. П.187). Осындай сипаттағы комсомолдық дербес апталық «Смена» газеті 1923 жылдан бастап шыға бастады. 1921 жылдан бастап Кеңес өкіметінің қызметін кеңінен насихаттау мақсаттарында айлық «Коммунист» журналының бірінші номері шығарылды. Журнал атауы «Партработник» кейінен қайтадан «Коммунист» болып өзгертілді. Журналдың 8 номері шыққаннан кейін өз жұмысын тоқтатты. 1925 жылы экономикалық, ғылыми, педагогикалық, әдеби «Таң» журналы шығып тұрды. Қаладағы ана тілдегі жалғыз қазақ газеті 1928 жылы мемлекет саясатының ауыл мен деревняға бет бұру ұранына байланысты «Қазақ тілі» газеті «Жаңа ауыл» деп өзгертіліп, 1930 жылы газет Аягөзге көшіріледі. Сол жылдан бастап Семейде «Екпінді» газеті шығарылып тұрды. Бастапқыда газет 5000 дана ғана болса, 1940 жылы оның жылдық тиражы 5 874 400-ге көбейді (ҚР ОМА. Қ.1692. Т.1. Іс.346. П.70). Қалалық, облыстық газеттерден басқа республикалық, Одақтық танымал газеттер мен журналдар жаздырып алу жалпы халықтық іске айналдырылды.

Қорытынды

Тұтастай алғанда, Семей қаласындағы ғылыми және ағарту мекемелері мен қоғамдардың қызметі қоғамдық қатынастардың салдарынан туындаған кедергілерге қарамастан қала тарихында маңызды да мәнді рол атқарды. Қаланың мәдени дамуы ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдағы демократиялық өзгерістермен тығыз байланысты болды. Осы кезеңнен бастап қазақтың қасиетті топырағы Семейде ғасырлар бойы арманға айналған ұлттық білім беру саласында батыл қадамдар жасалынды. Қазақстандағы кеңестік ғылым мен мәдениеттің, өнер мен білімнің негізін, іргетасын орнатып кеткен ұлт зиялыларының қауымы болғандығын ескере отырып, Алашшыл зиялылар ұсынған бағдарламалар жүзеге асқан жағдайда біздің тіліміз, дініміз, санамыз бен рухымыз бүгінгі дәрежедегіден әлдеқайда жоғары болар еді. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы сан саналы ұйымдастырушылық қызметі мен педагогикалық шығармашылық мұралары бүгінгі ұлттық мектептердің білім беру мен тәрбие ісінің жүйесіне үлгі боларлық құндылығы өте зор болып табылады.

Кеңес өкіметі жылдарында бүкіл қоғамдағыдай Семей қаласы мәдени революция аумағына енді. Білім берудің мемлекеттік жүйесі құрылып, жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру аясында халықтың сауатсыздығын жою, білім беру жүйесін қарапайымдалуы мен бір ізге салу және оның идеологиялық бағыттылығы сияқты әлеуметтік салдарлары болды. Осы жылдары социалистік интеллигенцияның алғашқы буындары қалыптасты. Семей өңірі ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында

Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда Кеңес өкіметінің бастапқы кезеңінде мәдени деңгейі жоғары болды. Мамандардың тапшылығы, материалдық базаның нашарлығына қарамастан Семейліктердің мәдени өмірі жан-жақты және бай болды.

Халықтың ұлттық сана сезімінің руханияты және елдік мәдениеттің қалыптасуымен тығыз байланысты тарихы бар елдің елдігі оның мәдени дәрежесімен өлшенеді десек, кеңес қоғамы тұсында халықтың рухани өсіп-өркендеуіне негіз болып табылатын мәдени ағарту мекемелерінің үлкен жүйесі қалыптасты. Мәдени құрылыстың жетістіктері қала халқына рухани байлықтың ең үздік жетістіктеріне жол ашып қана қоймай жалпы бұқараны көркемөнер шығармашылығына баурады.

XX ғасырдың бірінші жартысында ең көрнекті, ең елеулі мәдениет пен білім орталығына айналған Семей қаласы көптеген ғылымдарға, жазушыларға, өнертанушылар мен әншілердің, әртістердің бұғанасы қатып, буыны бекуіне, көзқарасының кеңеюіне ықпал етті. Әлемге Абай, Шәкәрім, Мұхтардай рухани ғұламаларға нәр берген, қиын-қыстау жылдары алаштың шығыс бөлімінің астанасы болған Семей қаласының қазақ өркениет қалыптастыру мен дамытуда маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі

Агалаков И. Советы Сибири. 1917-1918г. Новосибирск, 1972, -200с.

Адрианов А.А. Краткий исторический очерк Семипалатинского музея. Семипалатинск, 1929, -14с.

АОМА Қ.415. Т.1. Іс.419, П.113; Қ.73. Т.1. Іс.409. П.148.

АОМА Қ.47. Т.1. Іс.2а. П.5-9.

АОМА Қ.615. Т.1. Іс.3501. П.3.

АОМА Қ.645. Т.1. Іс.26. П.1.

Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии, просвещении в Казахстане (историко-педагогические исследование). Алма-Ата, 1965.

Болатова Қ.Б. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі мен білім беру мекемелерінің қызметі/ Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Семей, 2010.

Герасимов Б. Двадцатипятилетие Семипалатинского русского Географического общества. Кызыл-Орда. Об-ва изуч.Казастана, 1927.

Григорьев В. Противостояние (Большевики и непролитарские партии в Казахстане). Алма-Ата: Казахстан, 1989, -252с.

Екпінді. 1953. 5-желтоқсан.

Елагин А.С. Города Казахстана в период строительства социализма. Алма-Ата. Наука, 1980, - 344 с.

Елеуов Т. Қазақ ауылында Совет Өкіметінің орнауы мен нығаюы. Алматы қазақстан, 1967.-232б, Соныкі. Қазақстанда Совет Өкіметі қалай орнады. Алматы: Қазмемлбас. 1957. - 210 б.

Затаевич А. 1000 песен. Киргизского народа. Оренбург, 1924.

Мухаметкалиева К.Б., Атантаева Б.Ж., Абенова Г.А. 1920 жылдардағы Семей өңіріндегі сауатсыздыққа қарсы күрес: мәселелері мен нәтижесі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің хабаршысы - № 2 (113). 2024. – С.95-110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08>

Кенжебаев С. Ұлы Октябрь және Қазақстан Советтері. Алматы. Наука, 1980. -110 б.20.

Ковальский С. За власть Советов. Алма-Ата. Казгосиздат. 1957. -120с.

ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.321. П.126.

ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.722. П.5.

ҚР ОМА Қ.138. Т.1. Іс.2931. П.187.

ҚР ОМА Қ.1692. Т.1. Іс.346. П.70.

ҚР ОМА Қ.44. Т.10. Іс.161. ПП.5-6.

ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.1492. П.20.

ҚР ПМА Қ.141. Т.1. Іс.1536. П.18.

Семей Правдасы 1957, 21 сентябрь.

Семипалатинск, Алма-Ата, Наука, 1984. -224с.

Семипалатинску - 250 лет. Алма-Ата, 1968, -156 с.

Шумяцкий Б. Сибирь на путях к Октябрю. Иркутск. 1989. -140с.

«Шығыс Қазақстандағы мәдениет ісінің дамуы (XIX-XX ғ. 40 жылдары)»: құжаттар жинағы / құраст.: М.И.Перебеева, Л.К. Қадырова, А.Е. Шалыгин. - Алматы: Дарын ЖШС, 2022. - 261 б.

Зауре К. Мукатаева, Тоты А. Кариева, Карлыга Б. Мухаметкалиева
Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАУЧНЫХ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ УЧРЕЖДЕНИЙ И ОБЩЕСТВ ГОРОДЕ СЕМЕЙ

Аннотация. В статье рассматривается деятельность научных и просветительских учреждений города Семипалатинска, сыгравших ключевую роль в формировании и развитии региональной научной, культурной и образовательной среды. Особое внимание уделяется созданию в 1902 году Семипалатинского отделения Западно-Сибирского отдела Русского географического общества, ставшего преемником Статистического комитета. Исследования общества охватывали не только Семипалатинскую область, но и прилегающие регионы Сибири и Жетысу. Рассматриваются результаты экспедиций и геологических исследований, опубликованных в изданиях общества, их вклад в развитие экономики, сельского хозяйства и промышленности. Анализируется деятельность научно-исследовательских станций, основанных в 1930-е годы, их вклад в изучение растений, селекцию и развитие животноводства, а также роль первой метеорологической станции региона с учетом ее научной и исторической значимости.

Кроме того, в статье исследуется деятельность губернского краеведческого музея, Мемориального музея Абая и губернского архива. Акцентируется значение библиотечного дела, распространения периодической печати и функционирования газет в образовательной и культурной жизни региона.

Результаты анализа позволяют выявить значительный вклад научных и просветительских учреждений в сохранение исторического наследия, популяризацию научных знаний и формирование интеллектуального потенциала региона, несмотря на социально-политические изменения. Устанавливается, что их деятельность способствовала укреплению культурных и научных связей как внутри региона, так и с сопредельными территориями.

Ключевые слова: Семипалатинск; научные учреждения; образовательные организации; Русское географическое общество; периодическая печать; архивы; библиотеки; исторические исследования.

Zaure M. Kadyrbayevna, Toty A. Karieva, Karlyga B. Mukhametkaliyeva
Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

THE ACTIVITIES OF SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL INSTITUTIONS AND SOCIETIES IN THE CITY OF SEMEY

Annotation. The article examines the activities of scientific and educational institutions in the city of Semipalatinsk, which played a key role in shaping and developing the region's scientific, cultural, and educational environment. Particular attention is given to the establishment of the

Semipalatinsk branch of the West Siberian Department of the Russian Geographical Society in 1902, which became the successor to the Statistical Committee. The society's research extended beyond the Semipalatinsk region to include adjacent areas of Siberia and Zhetysay. The article analyzes the results of expeditions and geological studies published in the society's periodicals and their contributions to the development of the economy, agriculture, and industry. Additionally, the activities of research stations established in the 1930s are examined, with a focus on their role in plant studies, selective breeding, and livestock development, as well as the significance of the region's first meteorological station from both scientific and historical perspectives.

Furthermore, the study explores the work of the provincial local history museum, the Abai Memorial Museum, and the provincial archive. Emphasis is placed on the importance of library development, the dissemination of periodical publications, and the functioning of newspapers in the educational and cultural life of the region.

The findings of the analysis reveal the significant contribution of scientific and educational institutions to the preservation of historical heritage, the dissemination of scientific knowledge, and the development of the region's intellectual potential despite socio-political changes. It is established that their activities contributed to strengthening cultural and scientific ties both within the region and with neighboring territories.

Keywords: Semipalatinsk; scientific institutions; educational organizations; Russian Geographical Society; periodical press; archives; libraries; historical research.

References

- Agalakov I. Sovety Sibirii. 1917-1918g. [Soviets of Siberia. 1917-1918] Novosibirsk, 1972, - 200 p. [in Russian].
- Adrianov A.A. Kratkiy istoricheskiy ocherk Sempialatinskogo muzeya. [A Brief Historical Overview of the Semipalatinsk Museum.] Semipalatinsk, 1929, -14 p. [in Russian].
- AOMA Q.415. T.1. Is.419. P.113; Q.73. T.1. Is.409. P.148.
- AOMA Q.47. T.1. Is.2a. P.5-9.
- AOMA Q.615. T.1. Is.3501. P.3.
- AOMA Q.645. T.1. Is.26. P.1.
- Berzhanov K. Russko-kazahskoe sodruzhestvo v razvitii, prosveshchenii in Kazakhstan (istoriko-pedagogicheskie issledovanie). [Russian-Kazakh Cooperation in Development and Education /Historical and Pedagogical Research/]. Alma-Ata, 1965. [in Russian].
- Bolatova Q.B. XIX qasyrdyn ekinshi zhartyysy men XX qasyrdyn basyndaqy Shyqys Qazaqstandaqy oqu-aqartu zhyjesi men bilim beru mekemelerinin qyzmeti [The education system and the functioning of educational institutions in East Kazakhstan in the second half of the 19th century and the early 20th century.]: dis. ... kand. ist. nauk / Q.B. Bolatova— Semej, 2010. [in Kazakh].
- Gerasimov B. Dvadcatipyatiletie Semipalatinskogo russkogo Geograficheskogo obshchestva. [The 25th Anniversary of the Semipalatinsk Russian Geographical Society]. Kyzyl-Orda. Ob-va izuch.Kazastana, 1927. [in Russian].
- Grigor'ev V. Protivostoyanie (Bol'sheviki i neprolitarskie partii v Kazakhstane). [Confrontation (Bolsheviks and non-proletarian parties in Kazakhstan)]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1989, -252 p. [in Russian].
- Ekpindi. 1953. 5-zheltoqsan. [in Kazakh].
- Elagin A.S. Goroda Kazahstana v period stroitel'stva socializma. [Cities of Kazakhstan during the construction of socialism]. Alma-Ata. Nauka, 1980, -344 p. [in Russian].
- Eleuov T. Qazaq auylynda Sovet Okimetinin ornauy men nyqayuy. [Establishment and strengthening of Soviet power in the Kazakh village. Almaty Kazakhstan]. Almaty Qazaqstan, 1967.- 232b, Sonyki. Qazaqstanda Sovet Okimeti qalaj ornady. Almaty: Qazmemlbas. 1957. - 210 p. [in Kazakh].
- Zataevich A. 1000 pesen. Kirgizskogo naroda. [1000 songs of the Kyrgyz people] Orenburg, 1924. [in Russian].

Mukhametkaliyeva K.B., Atantaeva B.Zh., Abenova G.A. 1920 zhyldardaғы Semey onirindegi sauatyzdyqqa qarsy kures: maseleleri men natizhesi [The fight against illiteracy in the Semipalatinsk Region in the 1920s: problems and results] // Al-Farabi atyndaғы QazUU-nin habarshysy - № 2 (113). 2024. – P.95-110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08> [in Kazakh].

Kenzhebaev S. Uly Oktyabr' zhane Qazaqstan Sovetteri.Almaty. [Great October and the Soviets of Kazakhstan]. Nauka, 1980. -110. 20 p. [in Russian].

Koval'skiy S. Za vlast' Sovetov. [For the power of the Soviets]. Alma-Ata. Kazgosizdat. 1957. -120 p. [in Russian].

QR OMA Q.81. T.1. Is.321. P.126.

QR OMA Q.81. T.1. Is.722. P.5.

QR OMA Q.138. T.1. Is.2931. P.187.

QR OMA Q.1692. T.1. Is.346. P.70.

QR OMA Q.44. T.10. Is.161. PP.5-6.

QR OMA Q.81. T.1. Is.1492. P.20.

QR PMA Q.141. T.1. Is.1536. P.18.

Semey Pravdasy 1957, 21 sentyabr. [in Russian].

Semipalatinsk, Alma-Ata, Nauka, 1984. -224 p. [in Russian].

Semipalatinsku - 250 let. [Semipalatinsk is 250 years old]. Alma-Ata, 1968, -156 s. [in Russian].

Shumyatskiy B. Sibir' na putyah k Oktyabryu.[Siberia on the way to October]. Irkutsk. 1989. -140 p. [in Russian].

«Shyqys Qazaqstandaғы madeniet isinin damuy (XIX-XX q. 40 zhyldary)»: quzhattar zhinaғы [Development of culture in East Kazakhstan (XIX-XX centuries. 40): a collection of documents]/ qurast.: M.I.Perebeeva, L.K. Qadyrova, A.E. Shalygin. - Almaty: Daryn ZhShS, 2022. - 261 p. [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Мукатаева Зауре Кадырбаевна - т.ғ.к, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Семей, Қазақстан.

Кариева Тоты Амангельдыевна - т.ғ.к, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Семей, Қазақстан.

Мухаметкалиева Карлыга Бериковна – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Mukataeva Zauze Kadyrbayevna – Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

Karieva Toty Amangeldyevna – Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

Mukhametkaliyeva Karlyga Berikovna – PhD candidate, Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Мукатаева Зауре Кадырбаевна - к.и.н., старший преподаватель, Университет имени Шакарима города Семей. Семей, Казахстан.

Кариева Тоты Амангельдыевна - к.и.н., старший преподаватель, Университет имени

Шакарима города Семей. Семей, Казахстан.

Мухаметкалиева Карлыга Бериковна – докторант, Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.